

Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын сақтау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Заңы 1993 жылғы 19 қаңтар. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 1999.03.15. N 350 Заңымен. ~Z990350

Осы Заң мемлекеттің бүкіл аумағында және одан тыс жерлерде, меншік түрлеріне қарамастан, Қазақстан Республикасының мемлекеттік өкімет пен басқару органдары, кәсіпорындары, мекемелері, бірлестіктері, ұйымдары, әскери құрамалары мен азаматтары қызметінің барлық түрлерінде мемлекеттік құпияларды сақтаудың құқылық негіздері мен бірынғай жүйесін анықтайды.

1 - б а п . Ұ ф ы м д а р

Мемлекеттік құпиялар - Қазақстан Республикасының қорғаныс қабілетін, қауіпсіздігін, экономикалық және саяси мұдделерін білдіретін, мемлекет бақылауында болатын және Қазақстан Республикасы Конституциясы мен осы Заңның негізінде және олардың орындалуы үшін әзірленген арнайы тізбелермен және ережелермен шектелетін, пайдаланушылардың кез келген түрлерінде сақталатын және алмастырылатын ақпарат. Мемлекеттік құпиялар - Қазақстан Республикасының меншігі.

Ақпаратты құпияландыру - мемлекет мұддесі үшін ақпаратты таратуды шектеу жөніндегі шаралардың жиынтығы.

Ақпаратты құпиясыздандыру - мемлекет мұддесі үшін ақпараттардың таралуына белгіленген шектеулерді алу жөніндегі шаралардың жиынтығы.

Мемлекеттік құпияларды сақтау жүйесі (құпиялылық режим) - Қазақстан Республикасының заңдарымен және мемлекеттік өкімет пен басқару органдарының нормативті актілерімен белгіленген, ақпараттардың таралуын бақылауға қол жеткізуге бағытталған құқылық, ұйымдастырушылық, инженерлік-техникалық және өзге де шаралардың жиынтығын қамтитын, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігі жалпы жүйесінің бөлігі болып табылатын мемлекеттік құпиялардың сақталуын қамтамасыз ететін бірынғай тәртіп.

Мемлекеттік құпияларда жария ету - құпия құжаттарды немесе бұйымдарды хабарлау, беру, жіберу, жариялау, жоғалту, сондай-ақ мемлекеттік құпияларды кез келген өзге де тәсілдер арқылы олармен танысуға құқы жоқ адамдарға ж е т к і з у .

2-бап. Мемлекеттік құпияларды сақтаудың құқылық н е г і з і

Мемлекеттік құпияларды сақтаудың құқылық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, осы Заң, Қазақстан Республикасының басқа да заң актілері, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары, Қазақстан Республикасы таныған халықаралық құқылық құжаттар құрайды.

3-бап. Ақпаратты мемлекеттік құпияларға жатқызуудың негізгі принциптері

Ақпаратты мемлекеттік құпияларға жатқызу заңдылық, сондай-ақ мақсатқа лайықтылығы принциптері негізінде жүзеге асырылады:

а) Заңдылық. Ақпаратты құпияландыру мен құпиясыздандыру осы Заңың және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті бекіткен ақпараттарды мемлекеттік құпияларға жатқызуудың бірыңғай ережелері негізінде және соларға сәйкес жүргізіледі.

б) Мақсатқа лайықтылығы. Ақпаратты құпияландыру ақпаратты жария етуден мемлекет мұддесіне келетін зиянның оны сақтауға жұмсалатын шығыннан артуы жағдайында жүргізіледі.

4-бап. Ақпаратты құпияландыруға шектеулер

Құпияландыруы:

- азаматтардың құқыларына, бостандығы мен заңды мұдделеріне қол сұғатын, олардың жеке қауіпсіздігіне қатер төндіретін;
- заңдылықты бұзуды, мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың қаракетсіздігін немесе құқына қайшы іс-қимылдарын жасыратын;
- экономикалық, әлеуметтік, мәдени және ғылыми-техникалық дамудың мемлекеттік және салалық бағдарламаларын іске асыруға, мемлекеттің қорғаныс қабілеті мен қауіпсіздігіне теріс ықпал ететін;
- денсаулық сақтау, білім беру, ауыл шаруашылығы, ішкі және сыртқы сауда, экология мен табиғи ресурстарды пайдалану, құқық тәртібін қамтамасыз ету саласындағы істің жағдайын бұрмалайтын ақпаратты мемлекеттік құпияларға жатқызуға болмайды.

Ақпаратты құпияландыруға шектеуді Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі енгізеді.

5-бап. Мемлекеттік құпиялардың категориялары

Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялары үш категорияға бөлінеді : мемлекеттік, әскери және қызметтік құпия.

Мемлекеттік құпияға жария етілуі Қазақстан Республикасының қорғаныс қабілеті, қауіпсіздігі, экономикалық және саяси мүдделері үшін ауыр зардалтарға әкеліп соқтыратын ақпараттар жатады.

Мемлекеттік құпия болып табылатын ақпараттарға "айрықша маңызды" және "өте құпия" шектеу грифтері қойылады.

Әскери құпияға жария етілуі Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне зиян келтірілетін әскери сипаттағы ақпарат жатады.

Әскери құпия болып табылатын ақпаратқа "өте құпия" және "құпия" шектеу грифтері қ о й ы л а д ы .

Қызмет құпиясына жария етілуі Қазақстан Республикасының қорғаныс қабілетіне, қауіпсіздігіне, экономикалық және саяси мүдделеріне теріс ықпал ететін ақпарат жатады. Мұндай ақпарат, әдетте, мемлекеттік немесе әскери құпия болып табылатын және оны толық аша алмайтын ақпарат құрамына жататын жекелеген деректер сипатында болады.

Қызмет құпиясы болып табылатын ақпаратқа "құпия" шектеу грифі қойылады .

Мемлекеттік құпияларға осы бапта көрсетілмеген өзге шектеу грифтерін
қ о ю ғ а т ы й ы м с а л ы н а д ы .

6-бап. Мемлекеттік емес құпиялар

Мемлекеттік емес құпияларды - коммерциялық құпияны, қызмет бабында пайдаланылатын, баспасөзге арналмаған ақпаратты, тергеу құпиясы, дәрігерлік, жеке құпия және құпияның кез келген басқа түрлерін қызмет немесе жұмыс түрі бойынша сеніп тапсырылған мемлекеттік органдардың және тиісті заңды мекемелер мен жеке адамдардың көмегі арқылы олардың меншік иелері сақтайды. Мемлекеттік емес құпияларды қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының басқа да заң актілерімен немесе олардың меншік иелері өзірлеген, Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін ережелермен р е т т е л е д і .

7-бап. Мемлекеттік құпияларды сақтау жүйесінің негізгі элементтері

Мемлекеттік құпияларды сақтау жүйесінің негізгі элементтері мыналар болып табылады:

- жұмыстарда, құжаттарда және бұйымдарда мазмұндалатын ақпараттың құпиялық дәрежесін анықтау және белгілеу ережелері;
- мемлекеттік құпияларға жіберу тәртібі;
- мемлекеттік құпиялармен жұмыс істейтін адамдар үшін шектеулер;
- мемлекеттік құпиялармен жұмыс істеудің тәртібі;
- мемлекеттік құпиялардың сақталуын қамтамасыз етуді бақылау;
- мемлекеттік құпияларды сақтауды қамтамасыз ету органдары;
- мемлекеттік құпияларды сақтау жөніндегі талаптарды орындағаны үшін жауаптылық.

8-бап. Ақпаратты мемлекеттік құпияларға жатқызу

Ақпаратты мемлекеттік құпияларға жатқызу Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиясы болып табылатын мағлұматтар Тізбесі және құпияландыруға жататын, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітетін мағлұматтар тізбелері негізінде жұмыстарда, құжаттарда және бұйымдарда мазмұндалатын мағлұматтардың құпиялылық дәрежесін анықтау және белгілеу тәртібі туралы Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының Президенті анықтайтын мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңды мекемелері мен жеке адамдарының меншігі болып табылатын және осы Заңның 5-бабының талаптарына жауап беретін ақпаратты меншік иелерінің шығындарын өтей отырып, құпияландыруға және құпиясыздандыруға қақылы. Ақпарат иелері ақпаратты құпияландыру немесе құпиясыздандыру бойынша заңға қайшы әрекеттер жөнінде сотқа шағым беруге қ а қ ы л ы .

Осы Заңның 5-бабы талаптарына жауап беретін ақпаратқа ие болған кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар, қоғамдық бірлестіктер, жекелеген азаматтар оны құпияландыру қажеттілігі туралы мәселені шешу үшін осындай мағлұматтарға мүдделі ақпаратты қорғау жөніндегі мемлекеттік органға, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті органдарына

9-бап. Ақпаратты құпияландыру мерзімдері

Мемлекеттік құпиялар болып табылатын ақпаратты құпияландыру 20 жылға дейінгі мерзімге жүргізіледі.

Ақпаратты құпияландыру мерзімі Қазақстан Республикасының қорғаныс қабілеті, қауіпсіздігі, экономикалық және саяси мүдделері үшін ақпараттың көкейкестілігі ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен тәртіpte ұзартылуы мүмкін.

Мемлекеттік құпиялар болып табылатын ақпарат оларға түзетулер енгізу қажеттілігін туғызатын факторлардың (халықаралық жағдайдағы өзгеруі, бұйымдардың қару-жарақтан алынуы, оларды шетелге сату, ғылым мен техниканың жаңа жетістіктерінің пайда болуы және басқалар) пайда болуына байланысты дер кезінде қайта қаралып отыруға тиіс. Бұл орайда мемлекеттік басқару органдары, өз құзыреті шегінде, ақпаратты құпияландырудың негізділігін әр 5 жыл сайын қайта қарауға міндettі.

Егер ақпаратты құпиясыздандыру мерзімін алдын-ала белгілеу мүмкін болса немесе оны жүзеге асыратында жағдайлар туда қалса, онда бұл жағдайларды оны құпияландыру кезінде көрсету қажет.

Құпия ақпараттың қолданылу мерзімі белгіленген тәртіппен ұзартылмаған жағдайда, ақпарат құпиялылығын жойды деп есептеледі.

10-бап. Мемлекеттік құпияларға жіберудің тәртібі

Қызмет бабындағы міндettterді орындау үшін мемлекеттік құпиялармен жұмыс істеуі қажет болатын Қазақстан Республикасының азаматтарын осы құпияларға жіберу ресімделеді, бұл орайда олардың қызмет немесе қоғамдық жағдайына қарамастан, осы азаматтарға қатысты еңбек шарты (келісім-шарт) жасалғанға дейін белгіленген тәртіппен тексеру шаралары жүзеге асырылады. Оны жүргізуге олар өз еріктерімен жазбаша түрде келісім береді.

Еңбек шартында (келісім-шартта) азаматтың мемлекеттік құпияларды сактауды қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды орындау міндettі, осы ақпаратты жария етпеу туралы міндetttemесі, мемлекеттік құпиялармен жұмыс істеуге байланысты шектеулер жазбаша түрде көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының азаматтарына мемлекеттік құпиялар болып табылатын, олардың қызмет бабындағы міндettterін орындауға қажетті ғана ақпараттар берілуге тиіс.

Қазақстан Республикасының азаматтары әкімшіліктің еңбек шартының (

келісім-шартының) мемлекеттік құпияларды сақтауға байланысты шарттарын бұзған шешімі туралы жоғары тұрған органдарға немесе сотқа шағым жасауға қақылы.

Өз өкілдегітері мен тікелей қызмет міндеттері шегінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті органдарының келісімінсіз және оларды жария етпеу туралы міндеттемені ресімдемей-ақ мемлекеттік құпияларға:

- Қазақстан Республикасының Президенті мен Вице-президенті;
- Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы және оның орынбасарлары, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Комитеттерінің төрағалары;
- Қазақстан Республикасының Премьер-министрі,

Премьер-министрдің орынбасарлары, оларға теңестірілген лауазымды адамдар; Қазақстан Республикасының Бас прокуроры;

- облыстық өкілді және атқару органдарының басшылары және олардың орынбасарлары;

- Қазақстан Республикасының министрлері, министрлердің орынбасарлары және Қазақстан Республикасы Премьер-министрі анықтайтын оларға теңестірілген лауазымды адамдар жіберіледі.

11-бап. Құпияларға жіберуді шектеудің және тоқтатудың шарттары

Қазақстан Республикасының мына азаматтары:

а) шетелде тұрақты тұратын немесе Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу, шетел азаматтығын алу туралы тиісті мемлекеттік органдарға өтініш білдіретін;

б) қасақана қылмыс жасағандығы үшін соттылығын заңмен белгіленген тәртіппен өтемеген немесе ақтамаған;

в) мемлекеттік құпиялармен жұмыс істеу үшін медициналық қарсы куәліктері бар азаматтар. Мұндай қарсы куәліктер Тізбесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің келісімімен Денсаулық сақтау министрлігі бекітеді;

г) мемлекеттік құпияларға жіберу туралы шешім қабылдауға әсер ететін өзі туралы көрінеу жалған мағлұматтар берген;

д) белгіленген тәртіппен тіркелемеген, Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылышын және аумақтық тұтастығын күшпен өзгерту мақсатын

көздейтін, террорды, зорлық-зомбылықты, ұлтшылдық пен сепаратизмді уағыздайтын саяси партиялар мен қоғамдық құрылымдардың мүшелері болып табылатын азаматтар мемлекеттік құпияларға жіберілмейді.

Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларына жіберілмейді.

Қазақстан Республикасының азаматын мемлекеттік құпияларға жіберу еңбек шартын (келісім-шартын) бұзған кезде, сондай-ақ осы баптың, а, б, в, г, д тармақтарында көзделген негіздер пайда болған жағдайда немесе ол мемлекеттік құпиялардың сақталуын қамтамасыз ету тәртібін бұзғанда тоқтатылуы мүмкін.

Құпияға жіберудің тоқтатылуы Қазақстан Республикасының азаматын оған мәлім мемлекеттік құпияларды жария етпеу міндеттерінен босатпайды.

12-бап. Мемлекеттік және әскери құпия болып табылатын
мағлұматтардан хабардар азаматтардың құқыларын
шектеу

Мемлекеттік және әскери құпия болып табылатын мағлұматтармен жұмыс істейтін немесе жұмыс істеген Қазақстан Республикасы азаматының оның жазбаша келісімімен құпиялылық мерзімі аяқталғанға дейін, бірақ 5 жылдан аспайтын мерзімге құқылары шектелуі мүмкін.

Шектеулер :

- мемлекеттік және әскери құпияны жария ету қаупі туралы ақпараты болған жағдайда соған байланысты шетелге бару құқына;
- тиісті режимді құпиялы органдарды хабардар етпей шетел азаматтарымен және мекемелерімен байланыс жасау құқына;
- мемлекеттік және әскери құпия туралы ақпаратқа қатысты сөз бостандығы құқына;
- мемлекеттік және әскери құпияларға байланысты жаңалықты, өнертабысын пайдаланудағы айрықша құқына қатысты болуы мүмкін.

Азамат түсініктеме алу үшін мемлекеттік құпияларды сақтаудың жергілікті және республикалық органдарына өтініш жасауға, құқыларының негізсіз шектелуіне байланысты сottың қорғауын талап етуге қақылы.

13-бап. Мемлекеттік құпиялармен жұмыс істеу тәртібі

Мемлекеттік құпиялармен жұмыс істеу тәртібі осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті бекіткен Қазақстан Республикасында құпиялылық режимін қамтамасыз ету жөніндегі Нұсқаумен тәртіп теледі.

Айрықша режимді объектілердегі, шетелдік мекемелердегі басым қорғаныс және ғылыми талдамалардың, арнайы тасымалдардың, байланыстың шифрлы және арнайы түрлерінің құпиялылық режимін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ мемлекеттік құпияларды жарияламау және шифрлау үшін мұдделі мекемелер, кәсіпорындар мен ұйымдар Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті органдарының келісімімен осы Заңға қайшы келмейтін, жүргізілетін жұмыстардың құпиялылық режимін қамтамасыз етудің арнайы ережелерін әзірлей алады.

14-бап. Мемлекеттік құпияларды сақтау жүйесіндегі жоғары мемлекеттік өкімет органдарының өкілеттіктері

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі мемлекеттік құпияларды сақтау саласындағы қатынастарды құқылық реттеу жүйесін әзірлеп, қабылдайды, мемлекеттің ақпаратты құпияландыруға жол беретін қызмет салаларын анықтайды.

Қазақстан Республикасының Президенті:

- құпия ақпаратты сақтау саласындағы бірынғай ұлттық саясатты анықтайды және іске асырады;
 - мемлекеттік құпияларды сақтау жүйесіндегі мемлекеттік органдарға жалпы басшылықты жүзеге асырады;
 - ақпаратты құпияландыру мен құпиясыздандыруға құқы бар мемлекеттік органдарды анықтайды;
 - мемлекеттік құпияларға жіберуге байланысты Қазақстан Республикасы азаматтарына арнайы тексеру тәртібін белгілейді;
 - мемлекеттік құпияларды сақтау жүйесінің қызметіне бақылау жасайды және үйлестіреді.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:

- Қазақстан Республикасы зандарының, басқа да нормативті актілерінің орындалуын қамтамасыз етеді және мемлекеттік құпияларды сақтау мәселелерінде мекемелерге, кәсіпорындар мен ұйымдарға басшылық жасайды;
 - мемлекеттік құпияларды сақтау жөніндегі бөлімшелердің құрылымын, ұйымдастыру, жұмыс істеу және жою тәртібін белгілейді;
 - Қазақстан Республикасының айрықша режимді, айрықша маңызды және режимді объектілерінің тізбелерін бекітеді;
 - мемлекеттік құпияларды сақтаудың мемлекеттік бағдарламаларын іске асыруға бағытталатын бюджеттік қаржыландыруды жоспарлайды, мемлекеттік құпияларды сақтау жөніндегі жұмыстарды материалдық-техникалық қамтамасыз ету және қаржыландыру тәртібін белгілейді.

15-бап. Мемлекеттік құпияларды сақтау жүйесіндегі
Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік
комитетінің өкілеттіктері

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті өз құзыретінің
ш е г і н д е :

- мемлекеттік құпиялардың сақталуын, байланыстың арнайы түрлерінің және шифрлы жұмыстардың қауіпсіздігін барлаудың шетелдік техникалық күралдарына қарсы іс-қимыл жасауды қамтамасыз етуге бақылау үйымдастырады;

- мемлекеттік басқару органдарында, кәсіпорындарда, мекемелерде, ұйымдар мен бірлестіктерде құпиялыштық режимін тексеруді жүзеге асырады. Мемлекеттік құпиялардың сақталуына бағытталған шаралар қабылдау жөнінде міндетті нұсқауларды енгізеді;

- мемлекеттік құпиялар болып табылатын мағлұмattарға Қазақстан Республикасы азаматтарын жіберуді және мемлекеттік құпияларға жіберуге жататын лауазымдардың номенклатурасын келіседі;

- мемлекеттік және әскери құпия болып табылатын ақпаратқа жіберуге ресімделетін (қайта ресімделетін) Қазақстан Республикасы азаматтарына арнайы тексеру жүргізеді;

- мемлекеттік құпияларды сақтау мәселелерін мемлекеттік өкімет және басқару органдарына, кәсіпорындарға, мекемелерге, ұйымдар мен бірлестіктерге әдістемелік және практикалық көмек көрсетеді;

- мемлекеттік құпияларды жария ету (жоғалту) фактілері

бойынша қызметтік тергеулер жүргізеді;

- мемлекеттік құпияларды сақтау жөніндегі жұмыстардың нәтижелері туралы Қазақстан Республикасының мемлекеттік өкімет пен басқару органдарын хабардар етеді.

Мемлекеттік құпиялардың сақталуын қамтамасыз ету үшін Ұлттық қауіпсіздік комитетінің органдары режимді объектілердің әкімшіліктерімен бірлесе отырып, жанамалау, шифрлау және құпияларды қарсы барлаумен сақтаудың басқа да формалары мен әдістерін пайдаланады.

16-бап. Ақпаратты қорғау жөніндегі мемлекеттік
органның өкілеттіктері

Ақпаратты қорғау жөніндегі мемлекеттік орган мемлекеттік құпияларды сақтау саласындағы бірыңғай саясатты белгілейді, мемлекеттік органдардағы, мекемелердегі, кәсіпорындардағы және үйымдардағы құпиялылық режимді қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты үйлестіреді. Мемлекеттік құпияларды сақтау жөнінде құқылыш, әкімшілік, экономикалық және техникалық шаралар жүйесін әзірлейді, олардың Қазақстан Республикасының аумағында орындалуына бақылау жасайды.

17-бап. Мемлекеттік құпияларды сақтауды
қамтамасыз ету органдары

Мемлекеттік құпияларды сақтау - осы құпияларға ие болып отырған барлық мемлекеттік органдардың, кәсіпорындардың, мекемелердің, үйымдардың, бірлестіктердің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының лауазымды адамдары мен азаматтарының міндеті.

Мемлекеттік құпияларды пайдалана отырып қандай да бір жұмыс жүргізу оларды сақтау жөнінде шаралар қабылдағаннан кейін ғана жүзеге асырылуға тиіс .

Мемлекеттік құпияларды сақтауды қамтамасыз ету органдарының құрамына: Ақпаратты қорғау жөніндегі мемлекеттік орган және кәсіпорындардағы, мекемелердегі, үйымдар мен бірлестіктердегі режимді-құпиялы органдар енеді.

18-бап. Мемлекеттік құпияларды жария еткені үшін,
сондай-ақ ақпаратты заңға қайшы құпияландырғаны
үшін жауптылық

Мемлекеттік құпиялардың сақталуын қамтамасыз етуге жауаптылық мемлекеттік органдардың, кәсіпорындардың, мекемелердің үйымдар мен бірлестіктердің басшыларына жүктеледі.

Мемлекеттік құпияларды жария еткені немесе ақпаратты заңға қайшы құпияландырғаны үшін, сондай-ақ осы Зан талаптарын бұзғаны үшін кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес қылмыстық және әкімшілік жауапқа тартылады.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК